



plans.label.author: САДУОВ КАЛИЖАН КОШКИНБАЕВИЧ

plans.label.category: Қазақ әдебиеті

plans.label.class: 9-сынып

plans.label.section: Адам жанының құпиясы

plans.label.theme: Б. Майлин. «Шұғаның белгісі» хикаятындағы автор бейнесінің рөлі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Анализ және интерпретация 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау.
Сабақтың мақсаты:	Идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі автор бейнесінің рөліне талдау жасау.
Тілдік мақсаттар:	Әйел теңсіздігіне көңіл бөлу, шоқтығы биік туынды, суреткер, бейтарап қарамау, аяушылық сезімін білдіру, биікке көтеру, төрінен ойып тұрып орын алу, зерлі сөздің зергері, т.б.
Күтілетін нәтиже:	Идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі автор бейнесінің рөліне талдау жасайды.
Бағалау критерийлері:	Шығарма желісі бойынша идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі автор бейнесінің рөліне талдау жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	Адами қасиет, тәлім-тәрбие, достық, татулық .Зерттеген мәселе бойынша өмірлік ұстаным
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (Экранпроектор)
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы,музыка
Бастапқы білім:	Б. Майлин. «Шұғаның белгісі» хикаяты

plans.stages

plans.schedule.stages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы (10 минут)	Қызығушылықты ояту кезеңі Ой шақыру Бейімбет туралы айтылған Ілияс Жансүгіровтің сөзін талқылаудан бастайды және «6 Неліктен» стратегиясын қолданып, сұрақтарға жауап береді. Алдыңғы сабақтармен байланыс орнатылады. • «Шұғаның белгісі» – театрдың үлкен бір ойыны. Бұл – драма күйінде үлкен шығарманың бірі. Бұл бір дәуірдегі бай мен бұқараның тұлғасын көрсетеді». І. Жансүгіров «6 НЕЛІКТЕН» стратегиясы 1. Неліктен Бейімбет әйел теңсіздігі мәселесіне көңіл бөлген? 2. Неліктен «Шұғаның белгісі» хикаятын қазақ прозасының шоқтығы биік туындыларының бірі дейміз? 3. Неліктен Бейімбет Майлинді – "қазақ әңгіме жанрының атасы" дейді? 4. Неліктен суреткер қайғылы Шұғаға бейтарап қарамайды? 5. Неліктен автор басты кейіпкерге аяушылық сезімін білдіреді? 6. Неліктен Бейімбет өз заманының қыздарымен салыстыру арқылы Шұғаны биікке көтереді? 6. Неліктен Бейімбетті «тамаша талантымен әдебиетіміздің төрінен ойып тұрып орын алған зерлі сөздің зергері» деп бағалайды? • Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.	https://prezi.com/3ryl_bdhlmqk/presentation/

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>Мағынаны тану кезеңі ТЖ Тақырып – автордың құбылысқа қатынасын шығармасында зерттеу, көрсету үшін сұрыптап алған негізгі ойы немесе ой жиынтығы. Тәсіл – композиция мен тілдің арақатынасын көрсететін амал. Тұтастық мәтіннің – мәтін ішіндегі сөйлем, абзац, тарау, бөлім мазмұндарының тұтастығы. Тұтастық күрделі синтаксистік – ерекше синтаксистік-стистикалық бірлік құрайтын бірнеше сөйлемдер жиынтығы. Тұтастық күрделі фразалық – мәтін құрайтын тіл бірлігі. 1-тапсырма. Оқушылар берілген ой-пікір аясында хикаяттан мысалдар келтіре отырып, дәлелді талдауларын ұсынады. • «Майлин «Шұғаның белгісін» жазып, қолжазба журналда («Садақ») жариялағанда қазақ прозасы жанр ретінде жаңа туып-қалыптаса бастаған еді. Десек те, дәл осы шығарма суреткерлік шеберлік тұрғысынан пайымдағанда, күні бүгінге дейін қазақ повесінің үлгісі болып қалып отыр». Осы талдау негізінде оқушылар «Ойлану пирамидасын» қолдана отырып, әңгімеден дәлел келтіреді. Әңгіменің негізгі ойы: _____ Әңгімедегі мораль философиясын суреттейтін екі сөз: _____ _____ Әңгімедегі ойдың маңыздылығын суреттейтін төрт сөз: _____ 2-тапсырма. Оқушылар «Шұғаның белгісі» хикаятының әр бөліміне ат қою арқылы негізгі оқиғаларға түсінік береді және берілген хикаят бойынша автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы рөлін анықтайды. • 1.Қос жолаушы • 2.Сұлу қыз – Шұға • 3.Кездесу • 4.Учитель Әбдірахман • 5.Ғашық жүректер • 6.Хат. • 7.Жабылған жала • 8.Қоштасу • 9.Айықпас дерт • 10.Соңғы хат • 11.Белгі 3-тапсырма. Шығарма желісі бойынша топ мүшелері проблемалық 2 сұрақтан құрастырады. Құрастырған сұрақтарын сағат тілімен келесі топтарға ұсынады. Басқа топтың оқушылары жауап береді. Мысалы: • Шұғаның өліміне кім кінәлі? Бағалау. «Бармақ» әдісін қолдана отырып бағалайды. Бағалау дескрипторлары: • шығарма желісі бойынша дәлел келтіре отырып, талдауларын ұсынады; • талдау негізінде әңгімеден дәлел келтіреді. • автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы рөлін анықтайды; • проблемалық сұрақтар құрастырады.</p>	https://prezi.com/3ryl_bdh1mqk/presentation/
Сабақтың соңы (12 минут)	<p>4-тапсырма. Оқушылар автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтайды. «Т кестесі» әдісі қолданылады. Т кестесі Шығармадағы автор бейнесі Автордың белгілі бір оқиғадағы көрінісі Бағалау. «Блоб ағашы» Дескриптор: • шығармадағы автор бейнесін табады; • автордың белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтайды. Ойтолғаныс кезеңі Әңгімеге қатысты мақалмен, қанатты сөздермен тұжырымдайды, қорытынды жасайды.</p>	https://prezi.com/3ryl_bdh1mqk/presentation/
Рефлексия (3 минут)	<p>Кері байланыс. «Плюс, Минус, Қызықты» • «Плюс» – оң әсер еткен фактілер мен алған білімдерің жайлы жаз. • «Минус» – «қолымнан келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларыңды жаз. • «Қызықты» деген бағанға өзіңе қызықты болған жайтты немесе көбірек білгің келетін нәрсені жаз.</p>	https://prezi.com/3ryl_bdh1mqk/presentation/